**Денсаулық сақтау саласы бойынша мемлекеттік және ақылы қызмет алушыларды қоғамдық тыңдаудың**

# ХАТТАМАСЫ

Облыстық ішкі саясат басқармасының тапсырысымен "Тұтынушылардың құқығын қорғау" әлеуметтік жобасы аясында "Fulcrum Foundation" азаматтық бастамаларды қолдау қоғамдық қорының ұйымдастыруымен ағымдағы жылдың 23 қазан күні Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің білім алушылары арасында денсаулық сақтау саласы бойынша мемлекеттік және ақылы қызметтері туралы қоғамдық тыңдау өтті. Қоғамдық тыңдауды жоба жетекшісі Сәрсенбай Ұлмекен кіріспе сөзбен ашты. Жоба заңгері Асанбаев Нұрлыбек денсаулық сақтау саласының қызметін алушыларға әрбір құқықтары туралы жеке түсіндірме жұмыстарын жүргізді және қызметті тұтынушылардың сауалдарына жауап берді. Қатысушылар толық ақпараттандырылып, өз пікірлерін, ұсыныстарын білдірді. Аталған мәселе бойынша қорытынды сөз сөйленіп, қоғамдық тыңдау аяқталды.